

2003 жылғы 14-17 шілдеде Алматы қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің он жетінші мәжілісін дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 9 шілдедегі N 141-ө өкімі 2003 жылғы 14-17 шілдеде Алматы қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің он жетінші мәжілісін (бұдан әрі - ТЖ жөніндегі МАК мәжілісі) дайындау және өткізу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2003 жылғы 14-17 шілдеде Алматы қаласында ТЖ жөніндегі МАК мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.
2. Тиісті орталық атқарушы органдар, Алматы облысының және Алматы қаласының әкімдері Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ТЖ жөніндегі МАК мәжілісіне қатысушылардың қонақ үйде тұруына 2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" Бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 2 670 000 (екі миллион алты жүз жетпіс мың) теңге бөлсін.
4. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 9 ш і л д е д е г і
N 1 4 1 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

**ТЖ жөніндегі МАК мәжілісін дайындау
және өткізу жөніндегі іс-шаралар
жоспары
(Алматы қаласы, 2003 жылғы 14-17 шілде)**

P/c	Іс-шаралар		Орындау		Жауапты орындаушылар
N					м е р з і м і

- 1 ТЖ жөніндегі МАК 2003 жылғы Қазақстан Республикасының
мәжілісіне қатысушы 13 шілдеге Төтенше жағдайлар
елдердің жалауларын дейін жөніндегі агенттігі
және баспа өнімдерін
(бейдждер, автомобиль,
дерге арнайы рұқсатна.
малар, конвертка карта.
- ларын) әзірлеу
- 2 ТЖ жөніндегі МАК 2003 жылғы Қазақстан Республикасының
мәжілісіне қатысушылар 13 шілдеге Төтенше жағдайлар
үшін кәдесыйлар мен дейін жөніндегі агенттігі
естелік сыйлықтар сатып
- алу
- 3 Осы мәжілісте Қазақстан 2003 жылғы Қазақстан Республикасының
Республикасы Үкіметінің 13 шілдеге Төтенше жағдайлар
атынан сөйлейтін дейін жөніндегі агенттігі
сөздердің жобасын
- дайындау
- 4 ТЖ жөніндегі МАК 2003 жылғы Қазақстан Республикасының
мәжілісін өткізетін 14 шілде Төтенше жағдайлар
үй-жайды жабдықтау және жөніндегі агенттігі,
залды техникалық Алматы қаласының әкімдігі
безендіру (байланыс,
информатика, фото,
- бейне)
- 5 ТЖ жөніндегі МАК 2003 жылғы Қазақстан Республикасының
мәжілісіне қатысушылар. 14 және 18 Төтенше жағдайлар
ды Алматы қаласының шілде жөніндегі агенттігі
әуежайында қарсы алуды
және шығарып салуды
ұйымдастыру (VIP-зал,
- шай дастарханы)
- 6 ТЖ жөніндегі МАК 2003 жылғы Қазақстан Республикасының
мәжілісіне қатысушылар. 14 шілде Төтенше жағдайлар
ды "Достық" қонақ үйіне жөніндегі агенттігі
орналастыруды,
тамақтандыруды және
көліктік қызмет
- көрсетуді ұйымдастыру

- 7 Кофе-брейктер, ресми қабылдауды және музыкамен сүйемелдеуді ұйымдастыру 2003 жылғы 14 - 17 шілде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
- 8 Алматы облысының Шамалған полигонындағы сел сынағын көруге және "Хан Тәңірі" тауының етегіндегі құтқарушы. Алматы қаласының әкімдері лардың бірінші слетінің ашылу рәсіміне баруын қоса алғанда, таныстыру бағдарламасын ұйымдас. тыру, сондай-ақ мәдени іс-шараларды ұйымдас. тыру және өткізу (Алматы қаласының және Алматы облысының көрнекті жерлерін көрсету)
- 9 ТЖ жөніндегі МАК мәжілісіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі агенттігі 2003 жылғы 14 - 17 шілде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
- 10 Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен (БАҚ) жұмысты ұйымдастыру және ТЖ жөніндегі МАК мәжілісінің жұмысын БАҚ-та жариялау министрлігі 2003 жылғы 14 - 17 шілде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім жөніндегі агенттігі
- 11 ТЖ жөніндегі МАК мәжілісін өткізуге және соның шеңберінде 2003 жылғы 14 - 17 шілде Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдері өткізілетін іс-шараларға жәрдем көрсету

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК